

МРНТИ 14.29.01

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.09>

С.А.Ұзақбаева¹

¹*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім берудің бүгінгі жағдайы мен проблемалары, денсаулығы шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің мүмкіндіктері қарастырылады, мұғалімнің ерекше білімді қажетсінетін балалармен жұмыс процесіндегі кәсіби маңызды іскерлігі мен дағдысын психологиялық-педагогикалық тұрғыда өңдемелеуге байланысты тәсілдер ұсынылады. Инклюзивті білім беру әрбір адамнан ұдайы шығармашылықты ізденісті талап етеді, білім берудің жасампаз процесіне оған қатысушылардың бәрі (мұғалімдер, ата-аналар, балалар, басшылар және т.б.) араласады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселесін тиімді шешу үшін білім беру жүйесінің өзіне өзгерістер ендіру қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыстағы проблеманы шешудегі қиындықтар білім беретін мекемелердегі мамандардың кәсіби сауатсыздығынан, қоғам өміріне бәрімен бірдей қатарласа араласатын осындай балаларды түсінікпен қабылдамауынан туындайды.

Түйін сөздер: инклюзия, инклюзивті білім беру, денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар, ерекше білімді қажетсінетін балалар, арнайы білім беру, психологиялық-педагогикалық коррекция, психологиялық-педагогикалық қолдау.

S.A.Uzakhbayeva¹

¹*Kazakh Abylai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

CURRENT STATE OF INCLUSIVE EDUCATION AND WAYS OF ITS IMPROVEMENT

Abstract

The article examines the current state and problems of inclusive education in Kazakhstan, reveals the possibilities of inclusive education in the development of children with disabilities, suggests methods of psychological and pedagogical correction of professionally significant qualities of teacher skills necessary for working with children with special educational needs. Inclusive education requires constant creative contribution from everyone; all its participants (teachers, parents, children, administration, etc.) are involved in the creative process of education. For the successful implementation of inclusive education of children with special needs, changes in the education system itself are needed. The difficulty in solving the problem of working with children with disabilities is exacerbated by the professional incompetence of specialists of educational institutions, a lack of understanding in society of the possibilities of such children, who participate equally in society.

Key words: inclusion, inclusive education, children with disabilities, children with special educational needs, special education, psychological and pedagogical correction, psychological and pedagogical support.

С.А.Узакбаева¹

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г.Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматривается современное состояние и проблемы инклюзивного образования в Казахстане, раскрываются возможности инклюзивного образования в развитии детей с ограниченными возможностями здоровья, предлагаются способы психолого-педагогической коррекции профессионально значимых качеств умений и навыков учителя, необходимых в процессе работы с детьми особыми образовательными потребностями. Инклюзивное образование требует постоянного творческого вклада от каждого, в созидательный процесс образования включаются все его участники (учителя, родители, дети, администрация и др.) Для успешного осуществления инклюзивного образования детей с особыми потребностями нужны изменения самой системы образования. Трудность решения проблемы работы с детьми с ограниченными возможностями здоровья усугубляется профессиональной некомпетентностью специалистов образовательных учреждений, непониманием в обществе возможностей таких детей, равноправно участвующих в жизни общества.

Ключевые слова: инклюзия, инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями здоровья, дети с особыми образовательными потребностями, специальное образование, психолого-педагогическая коррекция, психолого-педагогическое сопровождение.

Кіріспе. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру әлемдегі аса өзекті проблеманың бірі. Қазақстанда бұл проблемаға кейінгі жылдары мемлекет пен қоғам және педагогикалық бірлестік тарапынан ерекше назар аударылуда. Мәселен, Елбасы Н.Назарбаев өзінің 2014 жылғы «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында «... мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады...Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн» - деген [1]. Білім беру саласында көрініс алған мұндай маңызды өзгеріс денсаулық мүмкіндігі шектеулі және кемтар адамдарға деген қамқорлық пен гумандық көзқарастан туындап отыр.

Зерттеу әдістемесі мен нәтижелері. «Инклюзия» деген ұғым ағылшын тілінен аударғанда «қосылу» деген түсінікті береді. Инклюзивті білім беру - бұл даму мүмкіндігі шектеулі балалардың, қалыпты, дені сау балалармен бірлесе білім алуы. Нақтырақ айтқанда, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбелеп, оқытудың бір формасы. Инклюзивті білім беру аясында балалардың құқығын ескеру, барлық адамды тең құқықта біліммен қамтамасыз ету, ерекше оқытуды қажетсінетін балаларға барлық мүмкіндіктерді жасау түсінігі көрініс алады.

Инклюзивті білім беру балаларға қатысты бұрмалаушылықты болдырмайтын, бәрін бірдей көзқараста қабылдайтын, олардың құқығын қорғауды көздейтін, сондай – ақ ерекше назар аударуды, арнайы білімді қажетсінетін мүмкіндігі шектеулі балаларға оңтайлы жағдайды жасайтын идеологияға негізделеді. Бүгінгі мектеп тәжірибесінде көрсетілгендей, талабы жоғары білім беру жүйесінен мұндай балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе олардың дербес қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Мұндай балалар мектептегі балалар санының 15% құрайды, демек, оқудан шығарылған балалар жалпы жүйеден оқшауланып, шеттеп қалады. Бұны балалардың жеке басында кездесетін сәтсіздік деп қабылдамай, балаларды түсінікпен қабылдай алмайтын жүйе деп түсіну қажет. Инклюзивті білім балалардың оқуда белгілі бір жетістікке жетуіне қолдау көрсетіп, жарқын болашаққа талпынуына жәрдемдеседі [2, б. 35].

Өкінішке орай, «инклюзия», «инклюзивті білім беру» түсінігі бүгінгі Қазақстан қоғамында кең белес ала қойған жоқ. Ал өркениетті мемлекеттерде инклюзивті білім беру заңды түрде бекітілген және білім берудегі бұл бағытты ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ сияқты бірқатар халықаралық ұйымдар толығымен қолдап отыр.

Инклюзивті білім беру әлемдік тәжірибеде әрбір адамның құқығын, еркіндігі мен теңдігін қорғауға арналған, ізгілікті істерін жүзеге асыруға мүмкіндігі бар адамдарға және осындай адамдарға білім беретіндерге, олармен бірге оқытындарға, сонымен бірге оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға арналған игілікті іс ретінде қабылданып, жүзеге асырылады. Инклюзивті білім беру саласындағы қағидалар, саяси көзқарастар мен инклюзия идеяларының шешімімен байланысты педагогикалық іс-әрекеттер халықаралық құжаттарда («Адам құқығының жалпыға міндетті декларациясы», «Бала құқығының декларациясы», «Саламан декларациясы» мен «Мүгедектердің құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы» және т.б.) жан-жақты көрініс алады.

Инклюзивті оқыту барлық балаларға тең мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқушылардың теңдігін анықтап, ұжымға белсене араласуына жағдай туғызады, адамдармен қарым-қатынасқа қажетті қабілетті дамытады. Білім берудің негізгі тәсілі - балалардың оқу процесінде қажеттілігін қанағаттандырады, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын анықтайды. Инклюзивті оқытудағы тәсілдер тиімді болған жағдайда, ерекше білімді қажетсінетін балалардың жағдайы да жақсара түседі.

Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты, дені сау балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада бірқатар еңбектер басылым көріп, тәжірибелер жинақталған. Мәселен, инклюзивті білім берудің теориялық саласы көптеген шетел ғалымдарының (К. Хортон, Д.Брикер, Н.Г. Чанилова, Т.В. Егоров және т.б.) еңбектерінде қарастырылған.

Инклюзивті білім берудің кейбір бағыттары қазақстандық ғалымдардың (Р.А. Сүлейменова, А.Н. Алмағанбетова, Р.Ж.Жұмажанова, К.Ш. Құмаржанова және т.б.) еңбектерінде көрініс алады. Алайда осының бәріне қарамастан жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың көптеген проблемалары ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыда өз шешімін әлі де болса толық таба қойған жоқ. Демек, бүгінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру қажеттілігі мен оларды оқытуға байланысты бірегей әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылық анық байқалады. Бұған таңырқауға да болмайды. Өйткені инклюзивті оқыту Қазақстанның білім беру жүйесіне соңғы жылдары ғана енгізіле бастады. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты, дені сау балалармен мектепте қосып оқытудың қажеттілігі мен тиімділігін педагогикалық жұртшылық та мойындай бастады. Инклюзивті оқыту мектеп тәжірибесі үшін жаңалық болғандықтан оны жүзеге асыруға байланысты бірқатар психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық проблемалар да пайда болды. Мәселені оңтайлы шешу үшін дамыған елдердің осы салада жинақталған оң тәжірибесін зерделеп, оны Қазақстанның жалпы білім беру жүйесінде шығармашылықпен пайдаланудың жолдарын анықтау қажет.

Әдетте, инклюзивті білім беру мәселесін қарастырғанда интеграция түсінігіне де аса мән берген жөн. Интеграция (біріктіру) – арнайы білім беруді ұйымдастырудың жаңа формасы, яғни мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты, дені сау балалармен бірге бір сыныпта оқытып, тәрбиелеу болып табылады. Қоғамдық түсінікте интеграция деген ұғым мүмкіндігі шектеулі адамдарды еңбек түрлері мен білім саласына біріктіру (бейімдеу) дегенді білдіреді.

Интеграция бірыңғай жүйедегі тұжырымдамаға сүйенеді. Мұнда мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамдық ортаға бейімдеу мәселесіне назар аударылады. Соның ішінде, балаларға қатысты мына мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді:

- арнайы оқытуды қажетсінетін балалар жалпы білім беретін мекемелер қажеттілігіне негізделеді;
- балалар мүмкіндігінше, қалыпты жағдайға сәйкес жетіледі;
- мүмкіндігі шектеулі балалар, қалыпты, дені сау балалар секілді тәрбиенің негізін отбасынан алады;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың бәрі, бойындағы кемістікке қарамастан қалыпты, дені сау балалармен тең құқықта білім алуға міндетті [2].

Демек, мүмкіндігі шектеулі адамның бәрі қоғамның басқа мүшелері сияқты білім алуға, өмір сүруге, жұмыс жасауға, өзінің жеке меншік үйінде тұруға, адамдармен дос болып, қарым-қатынас жасауға, қоғамның сұранысынан шығатындай адам болуға толық құқығы бар.

Көптеген жылдар бойы мүмкіндігі шектеулі балалар білімінің жоқтығынан, білім мен технологияға бейімделмегендігінен басқа балалардан шеттетіліп, оқшауландырылып отырды. Уақыт

өте, олар білімді арнайы мектептерден алды. Соңғы уақыттарда мүмкіндігі шектеулі балалар қалыпты, дені сау балалармен бірге дағдылы мектептерге қатынайтын болды. Қазір мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына көзқарас біраз өзгерді. Мүмкіндігі шектеулі балалар бөлек мектептерде немесе бөлек сыныптарда оқытылғандықтан адамдар «арнайы білім» — бұл бөлек білім деген түсінікте болды. Ал бүгінгі таңда «ерекше» деген балаларды, яғни мүмкіндігі шектеулілерді жалпы оқу процесіне бейімдеу оларда жағымды әлеуметтік дағдыны дамытуға ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру сегіз принципке негізделеді. Атап айтсақ:

- адамның құндылығы оның қабілетіне және жеткен жетістіктеріне байланысты болмайды;
- әрбір адам сезінуге, ойлануға қабілетті;
- әрбір адам қарым- қатынас жасауға және өзін тыңдата білуге құқылы;
- адамдардың бәрі бір-біріне мұқтаж;
- негізгі білім тек шынайы қарым-қатынас барысында жүзеге асады;
- адамдардың бәрі құрдастарының қолдауына және достығына мұқтаж;
- барлық білім алушылар үшін жетістікке жету деген: олардың нені жасай алмайтынынан гөрі,

нені жасай алатынында болса керек;

- жан-жақтылық адам өмірінің барлық жағын нығайтады [3].

Инклюзивті білімнің сапасын мынадай қағидалар қамтамасыздандырады:

- балалардың бәрі бірдей болғандықтан, инклюзивті білім беру - әрбір бала мен оның отбасы бірдей бағаланады және дамуға, тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі бірдей деген дағдылы идеяға негізделеді. Басқаша айтқанда, мүмкіндігі шектеулі балалар, өздерінің басқаларға ұқсамайтын ерекшеліктеріне қарамастан, денсаулығы бар балалар мен күнделікті білім беру әрекетіне бірдей қатыса алады. Бұл арадағы басты мәселе, достық қарым-қатынас құру, қолдау, әлеуметтік бейімделу болып табылады;

- балалардың бәрі жаңа нәрсені танып-білуде өздерінің қабілетімен ерекшеленеді: бағдарламаны меңгеру барысында, балалар бір –біріне, физикалық немесе ақыл –ой ерекшелігіне қарамастан, көмектесуге, қиындықты жеңуге үйренеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ортаға бейімделуіне, бәрінен бұрын, құрбы-құрдастары мен мұғалімі және арнайы даярланған материалдар немесе технологиялар көмектесе алады. Әрбір бала өзіне қажетті көмекті алып отырғаны жөн;

- барлық баланың білім алуға құқығы бар – білім алу бұл әрбір бала үшін міндет. «Білім беру» Заңында мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің жасындағы дені сау балалармен бірге жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі керек деп нақты көрсетілген. Бұл орынды да, өйткені бүгінгі бала — ертеңгі азамат. Олай болса, сол азаматты балабақшадан бастап өмірге бейімдеп, дені сау адамдардың арасында өздерін еркін сезінетіндей қолайлы жағдайды туындату қажет. Ал бұл болса, білім беру мекемелерінің тікелей міндеті болып табылады [4].

Пікірталас. Бүгінгі таңда инклюзивті білім берудің басымды екені даусыз, әйтседе оның өзіне тән жағымды жағы мен кемшіліктері де жоқ емес. Жағымды жағы: бала әлеуметтік ортаға, қарым-қатынасқа бейімделеді; дені сау балалармен бірлесе сабаққа қатысу арқылы өзіне және өзгеге деген жағымды көзқарасы қалыптасады; бір-біріне сыйластық сезімі, түсінігі, сенімі артады; оқуға, жазуға бейімделеді, логикалық ойлауға үйренеді, бала өзінің мүмкіндігіне және өзі білім алып отырған ортаға қарай бейімделе дамиды; инклюзивті бағыттағы жұмысты мамандар әлеуметтік, психологиялық, әлеуметтік, өңдемелік тұрғыда қамтамасыздандырады. Кемшілігі: инклюзивті білім берудің бүгінгі жағдайы үздіксіз жетілдіріліп отыруды қажет етеді; инклюзивті білім беру саласынан арнайы білімі бар мамандардың (психологтар, дефектологтар, логопедтер, әлеуметтік педагогтар, тәрбиеші мұғалімдер) жеткіліксіздігі, денсаулығы шектеулі балаларға немқұрайлылықпен қарау, инклюзивті білім беру мәселесінің барлық аудандарда бірдей жүзеге асырылмауы; инклюзивті білім беру бағдарламасының жалпы мемлекеттік стандартқа сәйкестендірілмеуі — бұл болса оқуды әрі қарай жалғастыруда кедергісін келтіреді; оқушыларға берілетін ақпараттың қажетті деңгейде болуы және т.б. [4].

Инклюзивті білім беру мәселесін жүзеге асыру мақсатында республикада бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекет, ең алдымен, білімді дамыту жоспарына арнайы және инклюзивті білім беру сияқты салаларды ендіردі. Халықаралық Заңдылықтар негізінде Қазақстан Республикасының келесідей заңдары негізін ұсынды: ҚР «Білім беру туралы» Заңы (толықтырмаларымен) Заңы; «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық — педагогикалық коррекциялық қолдану туралы» Заңы; «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы; «Арнайы әлеуметтік қолдау туралы» Заңы және ҚР 2011-2020 жылдары білімді дамытудағы

Мемлекеттік бағдарламасы. Инклюзивті білім беру осы бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі. Бағдарламада алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру процесіне ендіру, оларға қолжетімді ортаны ұсыну механизмі анықталады.

Сонымен бірге аталған заңдарға негізделген актілер де (отбасылық бала-бақшалардың; «мектеп-балабақша, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған коррекциялау кабинеті мен инклюзивті білім беру, ата-аналарға арналған консультативтік пунктер» кешендерінің іс-әрекетін ұйымдастырудың Типтік ережелерін бекіту туралы және мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға байланысты нұсқаулар және т.б.) қарастырылып отырған мәселені шешуде негізге алынып жүр.

2011 жылдан күні бүгінге дейін республика аймақтарында жалпы және орта білім беру жүйесінің жетекшілеріне арнап, Қазақстан СОРОС қорының қолдауымен «Инклюзивті білім беру: халықаралық тәжірибе және Қазақстанда жүзеге асырылу жолдары» тақырыбы бойынша «дөңгелек стөл» бағдарламасы жұмыс жасайды. Сонымен бірге www.inclusion.kz сайты базасында интернет-жоба іске қосылған [5]. Арнайы бала-бақшалар мен мектептерде мүмкіндігі шектеулі балалар білім алып тәрбиеленуде. Мәселен, қазіргі таңда республикада 39 арнайы балабақша, құрамында 15 000 жуық балабақша жасындағылар тәрбиеленіп, білім алатын 315 арнайы топтар; 106 арнайы мектептер және құрамында 25 000 жуық оқушы балалар білім алатын 1219 арнайы класстар жұмыс жасайды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға коррекциялық –педагогикалық қолдауды 17 реабилитациялық орталықтар, 133 коррекциялық психологиялық-педагогикалық кабинеттер, мектептерде 558 логопедиялық бөлімдер көрсетеді [6].

Бүгінгі деректеме бойынша Қазақстанда жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын 56 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар жұмыс жасайды. Талап бойынша республикада мұндай ұйымдардың саны 79 болуы керек. Бұл консультацияларға әдістемелік жетекшілікті Алматыдағы Республикалық психологиялық –медициналық –педагогикалық консультация жасайды. Білім және ғылым министрлігінің деректемесі бойынша осы жылдың 1 қаңтарында республикада мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 149 246 жеткен, бұл республикадағы жасы кәмелетке жетпегендердің жалпы санына шаққанда шамамен 3,15% [5].

Алайда бұл деректемелер шынайы жағдайдан толық көрініс бере қоймайды, өйткені деректемелік мәліметтер ұдайы өзгеріп отырады. Мұндай өзгеріс баланың есепке алынбауына немесе есептен түсіп қалуына байланысты болады. Әйтседе мемлекеттік бағдарламадағы деректеме бойынша 2020жылы мектептердің санын 70% дейін арттыру жоспарланып отыр [5].

Осы орайда халықаралық практика мен гуманистік көзқарасқа сәйкес категориялық аппараттың жаңарғанын, арнайы білім берудің тұжырымдамалық және құқықтық негіздері өзгеріп, ерекше білім беруді қажетсінетін балалардың оқуы мен тәрбиесіне жаңа әдістемелік тәсілдер ұсынылғанын айта кеткен жөн. Сол секілді, инклюзияны білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар арасында жүзеге асыру, балалардың қолжетімді білім алудағы құқығын толық жүзеге асыруды қамтамасыздандырудағы маңызды қадам болып табылады.

Кейінгі жылдары инклюзивті білім беру арнайы пән ретінде жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерге меңгертілуде. Инклюзивті білімнен сабақ беретін оқытушылар үшін даярлық курстары ұйымдастырылуда (Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің ғылыми-практикалық әдістемелік орталығы, АҚ «Өрлеу» ұлттық мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін орталығы, аудандық бөлімдер). Әрине, қысқа мерзімді курстар жоғары білікті маманды даярлау проблемасын толығымен шеше алмайды. Ол үшін жүйелі жұмыс қажет.

ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңның негізгі бағыттарын жүзеге асыру» педагогтардың даярлық тәсілдері мен принциптерін қоғамның бүгінгі жоғары оқу орнын бітірушілердің кәсіби біліктілігіне қойған заман талаптары деңгейінде қайта қарауға себепші болады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау педагог-дефектологтардың практикалық даярлығына ерекше талап қояды. Өйткені олар арнайы білім беретін оқу орындарында дефектолог, логопед болып қызмет атқарумен бірге, инклюзивті білім берумен де айналысады [7]. Осы айтылған талаптар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, соның ішінде, инклюзивті білім беретін кластарда жұмыс жасайтын бастауыш мектеп мұғалімдеріне де тікелей қатысты. Олай дейтініміз, бала алғаш мектепке келгенде оны білім мен мәдени құндылықтар әлеміне, өзара қарым-қатынас әдебіне жетелейтін, отбасынан кейінгі алғашқы адам — ол бастауыш мектептің мұғалімі. Мұғалім жас өспірімдердің ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін дамытуда, еңбекке баулуда эстетикалық талғамын жетілдіруде әртүрлі жұмыстар жүргізеді.

Балаларды мектептің келесі сатысына даярлайды: оқуға, жазуға, санауға, сызуға, сурет салуға үйретеді; коммуникативтік іскерлікке, логикалық ойлауға, өздігімен жұмыс жасауға дағдыландырады, мінез-құлық ережелерімен таныстырады. Мұғалімнің міндетіне балалардың денсаулығын бекіту мен оларды еңбекке бейімдеу; ата-аналарға тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша кеңес беру, балалардың қабілеттерін дамыту міндеттері де енеді. Күнделікті жұмыс әрекетінде түрлі жаңа әдістерді пайдалану үшін, алдына қойған міндеттерді жаңа әдістемемен жүзеге асыру үшін педагог кәсіби біліктілік пен мәнерлі сөйлеу дағдысын, мәдени-адамгершілік әлеует пен жаңа білім беру моделі бойынша эмоционалды-тұлғалық даярлықпен жұмыс жасау іскерлігін меңгеруі керек.

Қорытынды. Инклюзия идеясын білім беру мекемелеріне ендіру, білікті педагог мамандарды даярлауда маңызды жұмыстар жасау қажеттігін талап етеді. Педагогтің іскерлік, дағдысының кәсіби сапасын психологиялық-педагогикалық тұрғыда түзетіп, жетілдіру қажет, сонымен бірге мұғалімдердің эмоционалдық көңіл-күйіне жағымды әсер беретіндей әртүрлі психологиялық жұмыстар жүргізіп отырудың да маңызы зор. Мұғалімдерді кәсіби даярлауда мүмкіндігі шектеулі балалардың неврологиялық және психо-физиологиялық ерекшеліктері бойынша және арнайы педагогика мен психология бойынша курстар ендірген жөн.

Мектепте жан-жақты тәрбиелі-білім беретін орта ашу үшін мектеп басшылары, тәрбиешілері, педагогтары мен дәрігерлері арасында өзара үйлесімді бірлескен әрекет болуы қажет. Білім беру, тәрбиелеу мен коррекциялық-дамыту міндеттерін шешудегі педагогикалық нәтиже, бірқатар жағдайда, мамандардың коррекциялық-дамыту әрекеті бағытында бірлесе жүргізген жұмысына байланысты болады.

Мектептегі білім беру процесі балаларға қамқорлық жасайды, оқытады, тәрбиелейді, тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін дамытады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептің білім беру процесіне бейімдеу, ең алдымен, ересектердің балаларға деген көзқарасын өзгертеді - балалардың бәріне өзіндік ерекшелік тән, білімді тек мүмкіндігі шектеулі балалар ғана қажетсінебейді. Инклюзивті білім оқушыларда толеранттылықты, шыдамдылықты, мейірімділік пен өзара сыйластықты дамытады. Тәрбиелі- білім беру процесіне қатысушылар денсаулығы шектеулі балалардың бойындағы мүмкіндіктерді көре білуге үйренеді.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру аса күрделі процесс, ол дәстүрлі қалыптасқан мектеп өміріне елеулі өзгеріс ендіруді және нақты әлеуметтік –білім беретін шарттарды ұсынуды талап етеді. Бұл шарттар мүмкіндігі шектеулі балаларды практикада жалпы білім беретін ортаға бейімдеуде жүйелі тәсілді жүзеге асыруда көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Халыққа жолдауы «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» //Егемен Қазақстан 17.01.2014ж.
2. Шумиловская Ю.В. Подготовка будущего учителя к работе с учащимися в условиях инклюзивного образования. М., 2010, -с.35
3. Инклюзивное образование: современное состояние, проблемы и перспективы. / Универсальный образовательный портал UniverFiles.com
4. Инклюзивное образование детей-условия и реализация. <https://autizmy.ru/programma-inklyuzivnogo-obrazovaniya>
5. РИА Новосту <http://zia.ru/spravka/20120903/741880407.html> //ixzz2QVPzLEbE
6. Могунова Т.С. Сбитнева А.Н. Инклюзивное образование в Республике Казахстан. zevolution.allbest.ru/pedagogics...
7. Ұзақбаева С.А., Қоғамбаева А. Инклюзивті білім беру аясындағы педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби біліктілігі. //Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ «Хабаршысы» педагогика ғылымдары сериясы №3 (50), 2018, Полилингва баспасы – Алматы.- 31-38 бб